



«БЕКІТЕМІН»

Атырау облысы Ішкі саясат
басқармасының басшысы

Г.Сүйеуова

«12» маусым 2026 жыл

**Атырау облысы әкімінің қазақ журналистикасының негізін салушы,
профессор Тауман Салықбайұлы Амандосов атындағы сыйлығын беру
бойынша байқаудың ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Атырау облысы әкімінің қазақ журналистикасының негізін салушы, профессор Тауман Салықбайұлы Амандосов атындағы сыйлығын (*бұдан әрі – Сыйлық*) беру бойынша байқау (*бұдан әрі – Байқау*) Атырау облысында қызмет ететін журналистерді, бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау, олардың кәсіби шеберлігін арттыру және профессор Тауман Салықбайұлы Амандосовтың ғылыми және шығармашылық мұрасын насихаттау мақсатында өткізіледі.

1.2. Осы Ереже Байқауды ұйымдастыру, өткізу, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібін белгілейді.

1.3. Байқау Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын бұқаралық ақпарат құралдарында сапалы жариялауды ынталандыруға бағытталған.

1.4. Байқауға ұсынылатын материалдар:

- Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына арналуы;
- қоғамдық маңызы бар мәселелерді қамтуы;
- объективтілік, нақтылық және сенімділік қағидаттарына сәйкес келуі;
- шығармашылық ерекшелігімен және кәсіби деңгейімен даралануы;
- талдау тереңдігімен және өзектілігімен ерекшеленуі тиіс.

1.5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі үйлестіру жұмыстарын Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

1.6. Осы Ереже барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық болып табылады және бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда жарияланады.

1.7. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

БАҚ – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген бұқаралық ақпарат құралы.

Редакция – бұқаралық ақпарат құралының Атырау облысында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға немесе құрылымдық бөлімше.

Қатысушы – осы Ережеге сәйкес байқауға өтінім берген журналист, сала ардагері немесе редакция.

Сала ардагері – бұқаралық ақпарат құралдары саласында кемінде 40 жыл еңбек өтілі бар тұлға.

Конкурстық материал – байқауға ұсынылған жарияланымдар, репортаждар, телерадио бағдарламалар, бейне және аудио материалдар.

Конкурстық комиссия – жеңімпаздарды анықтауға уәкілетті алқалы орган.

Ұйымдастыру комитеті – байқауды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты орган.

Әлеуметтік-экономикалық даму тақырыбы – Атырау облысының (қала мен аудандарын қоса алғанда) экономикасы, өндірісі, кәсіпкерлігі, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылымы, экологиясы, білім беруі, денсаулық сақтау жүйесі, мәдениеті, спорты және қоғамдық дамуы мәселелерін қамтитын тақырыптар.

2. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

2.1. Байқауға:

- қазіргі уақытта Атырау облысының аумағында кәсіби қызметін жүзеге асырып жүрген журналистер;
- бұқаралық ақпарат құралдары саласында еңбек еткен сала ардагерлері;
- тек Атырау облысының аумағында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары қатыса алады.

Атырау облысынан тыс жерде тіркелген немесе қызметін жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдары, редакциялар және журналистер байқауға қатыстырылмайды.

2.2. Байқауға тек Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған материалдар қабылданады.

2.3. Материалдар мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданады.

2.4. Байқауға 2025 жылғы 1 маусым мен 2026 жылғы 15 шілде аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған немесе эфирге шыққан материалдар ғана қабылданады.

2.5. Ақпарат құралдары үшін кемінде 30 материал, ал жеке авторлар үшін кемінде 10 материал (*мақалалары, очерктері, репортаждары және арнайы хабарлары (аудио және бейне көшірмелері мен сценарийлері бірге)*) ұсынылуы тиіс.

2.6. Сыйлық келесі номинациялар бойынша беріледі:

- **«Үздік бұқаралық ақпарат құралы»** – Атырау облысында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын БАҚ;
- **«Ақпарат айнасы»** – 35 жастан жоғары журналистер;
- **«Үздік жас журналист»** – 35 жасқа (*қоса алғанда*) дейінгі журналистер.

2.7. Бір қатысушы тек бір номинация бойынша ғана қатыса алады.

2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, экстремизмді, ұлттық, діни немесе әлеуметтік алауыздықты қоздыруға бағытталған, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын материалдар байқауға қабылданбайды.

2.9. Материалдар **2026 жылғы 15 шілдеге** (*қоса алғанда*) дейінгі мерзімде **«tauman.kz»** ресми сайты арқылы қабылданады.

2.10. Бір материалды тек бір номинация бойынша ғана ұсынуға болады.

2.11. Байқау талаптарына сәйкес келмейтін немесе белгіленген мерзімнен кейін келіп түскен жұмыстар қарауға қабылданбайды.

2.12. Қатысушы өтінім беру арқылы:

- ұсынылған материалдардың авторы екенін;
- материалдардың түпнұсқа екенін;
- үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзбағанын;
- ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына толық жауап беретінін;
- осы Ереженің барлық талаптарымен келісетінін растайды.

2.13. Қатысушы байқауға ұсынылған материалдарды Ұйымдастыру комитетінің ақпараттық және имидждік мақсаттарда өтеусіз пайдалануға келісім береді.

3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Байқау екі кезеңде өткізіледі.

3.2. Бірінші кезеңде қатысушылардан өтінімдер қабылданады.

3.3. Екінші кезеңде Конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды бағалайды және жеңімпаздарды анықтайды.

3.4. Байқау материалдарын бағалау кезінде келесі критерийлер ескеріледі: белгіленген тақырыпқа сәйкестігі, тақырыптың өзектілігі, жаңалығы, талдау деңгейі, техникалық сапасы, авторлық тұжырымдаманың тәуелсіздігі, кәсіби шеберлігі, жарияланымдағы/аудиовизуалды жұмыстағы ақпараттың дұрыстығы мен сенімділігі, белгіленген талаптарға сәйкестігі, журналистиканың этикалық принциптері, сыртқы дизайн.

4. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

4.1. Ұйымдастыру комитеті:

- өтінімдерді қабылдайды;
- олардың Ережеге сәйкестігін тексереді;
- талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдерді қабылдамауға құқылы;
- материалдарды Конкурстық комиссия қарауына ұсынады.

4.2. Ұйымдастыру комитеті:

- барлық қатысушыларға тең жағдай жасауға;
- байқаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;
- нәтижелердің мерзімінен бұрын жариялануына жол бермеуге міндетті.

4.3. Ұйымдастыру комитеті қатысушылар ұсынған материалдардың мазмұны үшін жауапты болмайды.

4.4. Байқау жеңімпаздарын анықтау бойынша конкурс комиссиясының отырысын ұйымдастырады.

4.5. Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастырады.

5. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ

5.1. Конкурстық комиссия байқауға ұсынылған материалдарды қарайды және жеңімпаздарды анықтайды.

5.2. Комиссия құрамы Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5.3. Комиссия құрамына мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, медиа саласының мамандары және сала ардагерлері енгізіледі.

5.4. Комиссия мүшелері байқауға қатыса алмайды.

5.5. Комиссия шешімі отырысқа қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен қабылданады.

5.6. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.7. Конкурстық комиссия тәуелсіз және дербес шешім қабылдайды.

5.8. Конкурстық комиссия қатысушылардан қосымша құжаттар мен түсіндірмелер сұратуға құқылы.

5.9. Комиссия осы Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстарды кез келген кезеңде байқаудан алып тастауға құқылы.

5.10. Конкурстық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

5.11. Конкурстық комиссияның шешімдері қайта қарауға жатпайды.

5.12. Байқауға қатысу арқылы қатысушы Конкурстық комиссияның шешімдерімен толық келісетінін және олардың нәтижелеріне қатысты ұйымдастырушыға қандай да бір талаптар қоймайтынын растайды.

5.13. Комиссия мүшесінің қатысушылардың бірімен мүдделер қақтығысы болған жағдайда, ол тиісті материалды бағалауға қатыспайды. Мүдделер қақтығысы орын алатын жағдайды комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

6. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Қатысушылар:

- байқау туралы ақпарат алуға;
- түсіндірме сұратуға;
- өтінім беруге құқылы.

6.2. Қатысушылар:

- Ережемен танысуға;
- талаптарды сақтауға;
- құжаттарды уақытылы ұсынуға міндетті.

6.3. Қатысушы:

- жалған мәлімет ұсынған;
- авторлық құқық талаптарын бұзған;
- Ереженің талаптарын сақтамаған жағдайда байқаудан шеттетіледі.

7. СЫЙЛЫҚТЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕРУ ТӘРТІБІ

7.1. Сыйлық екі жылда бір рет табысталады.

7.2. Жеңімпаздарға келесі мөлшерде сыйақы беріледі:

- «Үздік бұқаралық ақпарат құралы» – 1 000 000 (бір миллион) теңге;
- «Ақпарат айнасы» – 500 000 (бес жүз мың) теңге;
- «Үздік жас журналист» – 500 000 (бес жүз мың) теңге.

7.3. Конкурстық комиссия ұсынылған жұмыстардың деңгейі жеткіліксіз деп таныған жағдайда, кез келген номинация бойынша жеңімпазды анықтамауға құқылы.

7.4. Конкурстық комиссияның шешімімен бір немесе бірнеше номинация бойынша сыйлық берілмеуі мүмкін.

7.5. Сыйлықты беру немесе бермеу туралы шешім Конкурстық комиссияның айрықша құзыретіне жатады.